

М. Елеуов¹ , С. Есен^{2*} 

¹Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,
*e-mail: madiareleuov@mail.ru

ҚЫШҚАЛАНЫҢ СЕГІЗ ҚЫРЛЫ МЕДРЕСЕСІ

Мақалада ортағасырлық Қышқала қалашығында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері беріліп отыр. 2018 жылдан бастап ортағасырлық Қышқала қалашығының материалдық, рухани мәдениетін, шаруашылық дәстүрін, әлеуметтік-экономикалық ахуалының негізгі элементтерін қалпына келтіру мақсатында ескерткіш аумағында кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Зерттеу барысында Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық Қышқала қаласының тарихи топографиясына және қазбадан ашылған құрылыстар, барлау кезінде жаңадан ашылған ортағасырлық қалалар мен елдімекендер ғылыми айналымға енгізілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде №2-қазбадан сегіз қырлы құрылыс толық ашылды. Мақалада 2018-2020 жылдарда ортағасырлық Қышқалада жүргізілген археологиялық қазба кезінде ашылған сегіз қырлы медресенің жобасы, бөлмелердің орналасу ерекшеліктері, олардың өзара байланысы, ішіндегі құрылыстар жан-жақты суреттелген. Мақаланың негізгі бөлімінде осы қазбалар барысында ашылған құрылыстар, одан табылған тиын мен құрылыс материалдары жайлы алғашқы жалпылама ақпараттар мен салыстырмалы талдау нәтижелері беріліп отыр. Сонымен қатар ортағасырлық жазба деректер бойынша Орталық Азия мен Қазақстандағы медреселердің пайда болған уақыты мен даму кезеңдері көрсетіліп, олардың зерттелу тарихына қысқаша шолу жасалған. Қышқала ортағасырлық Баршынкент қаласымен баламаланған.

Түйін сөздер: Қышқала, Баршынкент, Қазақстан, Орталық Азия, ортағасыр, медресе.

M. Yeleuov¹, S. Yessen^{2*}

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan,
*e-mail: madiareleuov@mail.ru

Octahedral Madrasah Kyshkala

The article publishes the first results of research carried out in the medieval settlement of Kyshkala. Since 2018, a comprehensive study has been conducted in this monument with the aim of studying the medieval city of Kyshkala and its filling, reconstruction of the main elements of material and spiritual culture, cultural and economic traditions, socio-economic system. Obtained in the course of research at the settlement of Kyshkala located in the lower reaches of the Syr Darya were introduced into scientific circulating topography, excavation materials and new monuments discovered during exploration. As a result of the research work carried out, an octagonal structure was completely excavated from excavation No. 2.

The article contains a detailed description of the plan, the peculiarities of the location of the premises, connection between them and the building structures inside the premises of the octahedral madrasah excavated in 2018-2020 at the Kyshkala settlement. The main part of the article contains the first general information and the results of a comparative analysis regarding structures found during excavations, coins and building materials found in them. The time of madrasah appearance, stages of its development and a brief history of madrasah study are given in medieval written sources. Kyshkala is localized with medieval settlement Barshynkent.

Key words: Kyshkala, Barshynkent, Central Asia, Kazakhstan, Middle Ages, madrasah.

М. Елеуов¹, С. Есен^{2*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан,

*e-mail: madiareleuov@mail.ru

Восьмигранный Медресе Кышкала

В статье публикуются первые результаты исследований, проведенных в средневековом городище Кышкала. С 2018 года в данном памятнике ведется комплексное исследование с целью изучения средневекового городища Кышкала и его окрестностей, реконструкция основных элементов материальной и духовной культуры, культурно-хозяйственных традиций, социально-экономического строя. Введены в научный оборот историческая топография, материалы раскопок и новые памятники, обнаруженные в ходе разведки и полученные в ходе исследования на городище Кышкала, расположенном в низовье Сырдарьи. В результате проведенных научно-исследовательских работ из раскопа №2 полностью раскопано восьмигранное сооружение. В статье изложено подробное описание плана, особенности расположения помещений, связь между ними и строительные конструкции помещений восьмигранного медресе, раскопанного в 2018-2020 годах. Основная часть статьи содержит первые общие сведения и результаты сравнительного анализа касательно сооружений, обнаруженных во время раскопок, монет и строительных материалов, найденных в них. По сведениям средневековых письменных источников показано время появления медресе, этапы их развития и дана краткая история изучения медресе. Городище «Кышкала» также называют Баршынкент, Барчинлыгкент, Барджинлигкент, Кышкала.

Ключевые слова: Кышкала, Баршынкент, Центральная Азия, Казахстан, средний век, медресе.

Кіріспе

Қазақстанның ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің пайда болуы, қалыптасу тарихы мен дамуы өте күрделі мәселелердің бірі. Әсіресе жекеленген қалалардың даму тарихындағы өзіндік ерекшеліктерін анықтау және олардың дамуындағы басқа да қалаларға ортақ белгілерін ажырату кешенді ғылыми зерттеулерге арқау болады.

Тарихи ескерткіштер жиі шоғырланған өңірлердің бірі Сырдария өзенінің алқабы. Бұл өңір адамзат баласының барлық тарихи кезеңдерінде аса маңызды тарихи, саяси және мәдени орталықтардың бірі болған.

Өңір тарихын зерттеуде басты назарға алынатын нысандарының дені ортағасырлық қала орындары. Осындай тарихи мекеннің бірі Сырдарияның жағасында орналасқан ортағасырлық Қышқала қаласы.

Әдістеме

Методологиялық тұрғыдан алғанда ортағасырлық медреселерді зерттеу арқылы негізгі екі ауқымды мәселенің шешімін табуға болады. Оның бірі нақты тарихи мерзімдік уақытын белгілеу және белгілі бір кезеңдегі идеологиялық ахуалды бағамдау. Мақала жалпы ғылыми қағидаларға сүйене отырып, тарихи және салыстырмалы талдау негіздерін басшылыққа алады. Аталған қағидаларға сүйене отырып нақты археологиялық әдістер мен архитектуралық

заңдылықтарға негізделген ескерткіштің нақты өмір сүрген уақыты анықталды. Осы тарихи кезеңдегі Қазақстан мен Орталық Азиядағы медресе салу және оның қалыптасу тарихына қатысты теориялық, танымдық қорытындылары жасалды.

Қышқалада жүргізілген зерттеу жұмыстары

Ортағасырлық Қышқала қаласы Қызылорда облысының Сырдария ауданына қарасты Қоғалыкөл ауылының оңтүстік жағында 2 шақырым жерде орналасқан.

Аталған ескерткіш нысанында бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізілген (Талеев, Елеуов, Есенов, 2018: 260). 2018 жылдан бастап Қызылорда облыстық әкімдігінің қолдауымен кешенді зерттеу жұмыстары қолға алынып, жалғасуда. 2018-2020 жылдары ортағасырлық Қышқаланың шаруашылық аймағында орналасқан ауыл зиратынан шығыста 600 м жердегі аумағы 40×40 м, биіктігі 2,5 м болатын төбеде зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нысаны болып отырған төбеден XX ғасырдың 50-60-жылдарында шаруашылық мақсатта ортағасырлық құрылыстардың күйдірілген кесектерін бұзып алған. Осының салдарынан құрылыс нысаны толығымен бұзылып, төбешікке айналған. Оның жан-жағында бүтін мен сынығы аралас кесектер шашылып жатыр. Осы құрылыс қалдығын анықтау мақсатында төбенің үстінен көлемі 32x30 м, тереңдігі 1-1,2 м келетін қазба салынды. Қазба барысында жобасы сегіз қырлы, аумағы 28 м, төрт мұнаралы, екі қақпалы медресенің орны ашылды (1-сурет).



1-сурет – Медресенің жалпы көрінісі

Ашылған құрылыстың сыртқы қабырғаларының ұзындығы 7-14 м аралығында, ені 1 м, сақталған биіктігі 5-60 см, сыртқы және ішкі жиектері $26 \times 26 \times 4-5$ см, $27 \times 27 \times 45$ см өлшемдегі бүтін кесектермен қаланып, олардың арасы қою лай араластырылған кесектердің сынықтарымен толтырылған. Құрылыстың төрт бұрышында симметриялы орналасқан диметрі 1,7-1,9 м болатын мұнаралары бар. Барлық мұнаралардың сыртқы жиектері $20 \times 20 \times 10$ см, сыртқы қыры доғалдау етіп арнайы құйылған кесектермен өріліп, ортасы лай араластырылған кесек сынықтарымен толтырылған.

Құрылыстың ішкі бөліктерін тазарту барысында әртүрлі көлемдегі он тоғыз бөлме ашылды. Сегіз қырлы ең үлкен 19-бөлме құрылыстың тең ортасында орналасқан. Үлкен бөлмені қоршай орналасқан қалған бөлмелердің саны олардың ашылу ретіне қарай солтүстік қақпаның кіре берісінен басталып сағат тіліне қарсы бағытта белгіленді (2-сурет).

Құрылыстың ішіндегі 4, 8, 13, 17-бөлмелер әлемнің төрт бағытына қарай және кіреберіс ауыздары бір-біріне қарама-қарсы орналасқан. Бөлмелердің еденіне толығымен кесек төселіп, тең ортасына көлемі $0,8 \times 0,8$ м суағар жасалған. Суағар қиық тәрізді етіп, жиектерінен жырықтар қалдырылған және ортасында тесігі бар сегіз бұрышты қылып арнайы құйылған кесек қойылған. Еденнің беті мен суағардың жырықтары ақ түсті қоспамен сыланғандығы байқалады. Суағардың асты шағын күмбез тәрізді етіп сынық кесектерден өрілген, тереңдігі 1 м, табанындағы диаметрі 0,8 м және табаны құмдауыт топырақпен тегістелген. Бұның өзі суағар шағын көлемдегі кір суды ағызуға

есептелгендігін аңғартады. Осы бөлмелердің оң жақ қабырғасына іргелес ошақтар орналасқан. Ал оған қарсы беттегі, сол жақ қабырғаның іргесінде ені 1-1,5 м болатын сұпаның орындары сақталған (3-сурет).

Құрылыстың орталық бөлігін алып жатқан 19-бөлме сегіз қырлы және сыртқы қабырғаларына симметриялы орналасқан. Бөлменің көлемі $11,5 \times 11,5$ м, барлық қабырғаларының ұзындығы 4,8 м, ортасында кесектен қаланған көлемі $2,5 \times 2,5$ м тағы да сегіз қырлы болып келген, әр қырының ұзындығы 1 м кесек төселген еден орналасқан. Осы еденнің ішінен үш қайтара сегіз қырлы кесек өріліп, тең ортасына арнайы құйылған сегіз қырлы ортасында аумағы 1 см келетін тесігі бар кесек қойылған. Бұл алаң да орталық бөлменің суағар бөлігі.


Бөлмеде барлық бұрыштар мен қабырғалардан бірдей қашықтықта орналасқан 4 бағанның орындары сақталған. Бағандардың сақталған көлемі $1,5 \times 1,6$ м, биіктігі 10-15 см. Бағандардың орналасу ыңғайына қарағанда орталық бөлменің төбесін жабу үшін тіреуіштер ретінде пайдаланылған болса керек.

Құрылыстың екі қақпасы бар, оның бірі солтүстік қабырғада, ал екіншісі оңтүстік қабырғаның бойында орналасқан.

Сонымен жүргізілген қазба жұмыстардың барысында қыш кесектерді бос топырақ үйіндісінен тазарту кезінде құрылыстың қатты бұзылып кеткендігі көрінеді. Әсіресе сыртқы қабырғасы, бөлмелердің арасын бөліп тұрған қабырғалар, олардың ішіндегі бөлмелер, орталық алаң, ошақтар мен бағандар айталықтай қираған. Кейбір қабырғалардың тек іздері немесе езіліп кеткен қыш кесектерінің ең төменгі бір қатары ғана сақталған. Әсіресе құрылыстың батыс жақ бөліктерінде не бары 1 қатар, ал неғұрлым жақсы сақталған шығыс бөлігінде 7-8 қатар кесек қаландысы ғана сақталған.

Қазба барысында ашылған құрылыстың ерекшеліктеріне қарай отырып медресе болған деп жорамал жасауға болады. Жоғарыда айтылған орталық үлкен бөлме дәрісхана, оның төрт тарапындағы сұпа, ошақ, суағары бар еденделген (4, 8, 13, 17) бөлмелер су жылытуға және оқушылардың жуынуына арналған, ал қалған шағын көлемді бөлмелер тұрмыстық мақсаттағы қосалқы бөлмелер болса керек.

Медреседе жүргізілген қазба кезінде кейбір бөлмелерден қыш ыдыстың сынықтары, 19-бөлменің еденінен жақсы сақталған бір дана тиын табылды (4-сурет).



2-сурет – Медресенің жобасы



3-сурет – 8-бөлмедегі суағар



4-сурет – Медреседен табылған тиын

Тиынның шыққын жылы мен нақты кімге тиесілі екендігі жазылмаған. Таңбалуы мен көлеміне қарағанда Жошы Ұлысының заманына сәйкес келеді. Салмағы 1,62 г, көлемі 16,5-16,6 мм. Оң бетінде екі қатар: «әл әділ / әл сұлтан» (әділ / сұлтан) деген жазуы, теріс бетінде құйрығы мен басын көтеріп келе жатқан жыртқыш аңның

бейнесі бар. Тиынның таңбалуы анықтап оқыған нумизмат П.Н. Петров.

Мұндай үлгідегі тиындар әдетте Жошы Ұлысының билеушілерінің бірі Өзбекхан кезінде жиі қолданыста болғандығын (Петров, 2013: 181) ескеретін болсақ, кесене құрылысы да осы уақытпен шамалас, XIV ғасырдың алғашқы

жартысында өмір сүрген деп болжам жасауға негіз бар.

Орталық Азияда медресе салу үрдісі жайлы

Орталық Азияда медресе туралы алғашқы жазба деректердің бірі Х ғасырдың авторы Наршахи Мухаммедтің «Бұхара тарихы» еңбегінде кездеседі. Онда 937 жылы Бұхара қаласында болған үлкен өрт кезінде Фараджек медресесінің опат болғаны туралы айтылған (Наршахи Мухаммед, 1897: 123; Хмельницкий, 1996: 260). Алғашқы медресе құрылыстары Шығыс Иранда және Бұхарада IX ғасырдың соңында, X ғасырдың басында салына бастаған (Хмельницкий, 1992: 206; Hillenbrand, 1994: 173; Зиливинская, 2014: 57). Медресенің кең таралған уақыты селжүктердің кезіне тұстас келді. Осы кезде медреселер жеке мектептен мемлекеттік мекемелерге ауысқан. Жазба деректерге қарағанда XI ғасырдың ортасында Нишапурде отыз сегіз медресе болған (Hillenbrand, 1994: 174). Кейбір деректер бойынша Саманидтер кезінде Самарқанда 17 медресе (Мирбабаев, 1980: 51), ал Бейхаки бойынша Хутталда 20-дан аса медресе болған (Хмельницкий, 1996: 260).

Медресе құрылысының шығуы мен қалыптасуына қатысты әртүрлі көзқарастар бар. В.В. Бартольд, Э. Херцфельд, Б.А. Литвинский және Т.И. Зеймаль бойынша медресенің жобасы буддалық монастырлардан келіп шыққан (Бартольд, 1927: 53-55; Bartold, 1933: 29-31; Herzfeld, 1943: 13-30; Литвинский, Зеймаль, 1971: 52).

Г.А. Пугаченкова, А. Годар, С.Г. Хмельницкий, Р. Hillenbrand бойынша барлық жобасында төрт айванды құрылыстардың медресеге қатысы бар (Пугаченкова, 1958: 341; Godard, 1951: 1; Хмельницкий, 1992: 204-206; Hillenbrand, 1994: 175).

Монғол хандарынан алғашқы болып құрамында медресесі бар архитектуралық кешендерді жобалап, салдырған Ғазан хан болды. Ол салдырған «Шоми Тебриз» архитектуралық кешенде кітапхана, кесене, обсерватория және екі үлкен медресе болды, ал оның інісі, тақ иегері Олжайтудың (1304-1316 жж.) Сұлтанния қаласында салдырған медреседе оннан аса оқытушы, жиырма машықкер және мыңнан аса оқушы оқыған. Ал, Рашид ад-Дин салдырған Тебриздің іргесіндегі Руб-и Рашиди қалашығында он бір медресе, жиырма төрт керуен сарай және басқа да көптеген құрылыстар болған (Мирбабаев, 1983: 141).

Махмуд Бен Эмир Валидің 1634-1650 жылдарда жазған «Бахр әл-асар фи манакиб әл ахйар» еңбегі бойынша Баласағұнда дін ұстаған

адамдардың жұма намаз оқитын 40 мешіті, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіт, 20 ханака және 10 медресе болған (Материалы по истории Средней Азии, 1988: 241-242).

Ал тікелей Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қалаларында салынған медреселер туралы жазба деректер XV ғасырдан бастап кездеседі. «Ескендірдің анонимі» (Мунтахаб ат-таварих Муин ад-дина Натанзи) деген атаумен белгілі еңбекте (1413/14 ж.) Ерзенхан салдырған медреселер туралы: «...ол өте ақылды хан болды, Отырар, Сауран, Барчкендте қайырымдылық мақсатындағы ғимараттарды салдырды» – делінген (Сборник материалов... 1941.С.129).

Сауран қаласындағы медресе туралы 16 ғасырдың авторы Заинаддин Васифиде кездеседі. 1514-1515 жылдарда Сауран қаласында болған ол осы қаладағы екі шайқалмалы мұнарасы бар медресе жайлы: «Оның айванының үстінде көркімен ізгілік нұрын шашып тұрған, екі зәулім мұнара орнатылған. Сол мұнаралардың «гүлдестесінде» шынжырлар бекітілген, ал әрбір мұнараның күмбездерінің астына бөрене қойылған. Егер кімде-кім бөренені күшпен қозғалтатын болса, шынжырлар теңселеді де көрші мұнарада тұрған адамға мұнара шайқалақтап, құлайтындай көрінеді. Бұл-әлемғажайыптарының бірі» – деп сипаттайды. Сонымен қатар, мәтінде медресе басшысын тағайындауға арналған салтанатты жиынға медреседе тұратын елуден аса оқушының шақырылғаны туралы да айтылған (Болдырев, 1957: 160-161; Байпаков, Смағұлов, 2005: 33-36). Ортағасырлық Сауран қаласының орталық бөлігінде жүргізілген қазба жұмыстары барысында бір-біріне іргелес орналасқан XVI-XVII ғасырлар кезіндегі екі медресе ашылған. Жобасында төртбұрышты, қос айванды 1-медресенің көлемі 31,5x28 м, 2-медресенің көлемі 62x32 м (Байпаков, 2014: 462-478).

Ортағасырлар кезеңіне жататын жобасы сегіз қырлы медресе құрылысын Қазақстан мен Орталық Азия аумағынан, тіпті Алтын Орданың қалаларынан да әзірге кездестіре алмадық.

Дегенмен, сыртқы жобасы сегіз қырлы өлшемдері жақын құрылыстарды кездестіруге болады, олардың бірі Ирактың Самарре қаласындағы IX ғасырдың ортасында салынған Кубба әл Сулабийа кесенесі (Зиливинская, 2014: 331). Екіншісі Ирандағы XVI-XVIII ғасырдағы Аминабад керуен сарайы (Всеобщая история искусства, 1961: 95).

Алайда құрылыстардың жобасында ұқсастықтар болғанымен мерзімделуі және қолданыс

ерекшеліктеріне қарай отырып Қышқаланың сегіз қырлы құрылысын бұл ескерткіштермен байланыстырудың реті жоқ деп санаймыз. Оған қоса зерттеу нысаны болып отырған кесененің сыртқы қабырғаларының ұзындықтары әртүрлі, симметрия сақталмаған және мұнаралары қабырғаның әртүрлі бұрыштарына салынған. Ортағасырлық құрылыс салудың кездік өлшемімен алғанның өзінде архитектуралық біркелкілік жоқ. Демек бұл құрылыс нысанының жобасы оны тұрғызу барысында өзгеріп отырғандығын, яғни қандайда бір қатаң үлгіні қайталамай өз бетінше тұрғызылған болуы ықтимал.

Қышқала жайлы жазба деректерге шолу

Баршынкент қаласы ортағасырлық жазба деректерде 1220 жылдан бастап кездеседі. Оны Джувейни Барчинлыкент (Бартольд, 1900: 446-447), Пано Карпини Бархин (Путешествия в восточные страны, 1993: 64), Гетум Парчин (Гандзакеци Киракос, 1976: 224), Жамал Карши Барчинкент десе (Абсаттар хаджи Дербисали, 2019: 135-136), Ерзенхан медресе салдырған қалалардың бірі Барчкенд деп аталған (Сборник материалов, 1941: 129).

1273-1274 жылдарда Барчинкентте (Баршынкентте) бірнеше рет болған Жамал Карши оны қала емес мекен (дияр) деп атап, онда дуал ауыз шешендер мен жезтандай әншілер, сөз өнерінің белгілі майталмандары, ғұламалар тұратын мәдени орталық екеніне назар аударған. Жамал Карши Баршынкенттік ғұлама Абу-л Махамид Хамид ибн Асим ал-Асими Барчинлигиден дәріс тыңдап, ұстазының қолынан диплом (иджаза амма) алған (История Казахстана в персидских источниках, 2005: 156).

Зерттеушілер Кыс-Кала, Гыш-Кала (Каллаур, 2011а: 211), Хыш-кала (Бартольд, 1965: 229), Кызкала (Археологическая карта, 1960: 225), Кыш-Тобе (Толстов, 1962: 72), Қызтөбе (Байпаков, 2007: 38), Қышқала (Қоңыратбаев, 2004: 151) деп атап жүрген Қышқаланы алғашқы болып ортағасырлық Баршынкент қаласымен баламалаған Ә.Х. Марғұлан болды. Ғалым бұл жөніндегі пікірін: «Баршынкент» атауы халық жырындағы кейіпкерлердің бірі «Алпамыспен» байланысты. Оғыз феодал ақсүйектерінің өкілі Баршын-сұлу есімді, атағы көпке мәшһүр әйел Сырдарияның бойындағы қаланы өз есімімен атайды, осыдан келіп

Қызқала атауы шыққан» – деп түйіндейді. Автор ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып қаланың өзі Сырдарияның төменгі ағысында орналасқандығын айтады. Моңғолдарға көпке дейін берілмегеніне қарағанда бұл мықты бекінген қала және Жанкет пен Жентке баратын жолға тосқауыл болған (Марғұлан, 2010: 222). Бұл пікірді Жамал Каршидің еңбегі де қуаттай түседі. Шыңғысхан шапқыншылығына дейін Баршынкент оғыздар мен қыпшақтар арасындағы стратегиялық маңызы жоғары, әрі мәдени-сауда орталықтарының бірі болған. Жошы хан Сырдария бойындағы қалаларды бағындырған кезде Баршынкентті алу үшін өзеннің арнасын бұрып жіберіп қаланың екі жағынан топан су жіберіп, қала өздігінен берілген. Бірақ қала аз уақытта қалпына келіп, Жошы Ұлысының орталық қалаларының біріне айналады. Қалада тиын ақша басқандығы да айтылады (Абсаттар хаджи Дербисали, 2019: 135). Бұл мәліметтердің өзі Баршынкент Алтын Орда кезеңінде ірі саяси, мәдени және білім орталықтарының бірі болғандығын аңғартады.

Қышқалада археологиялық зерттеу жүргізген Т. Мәмиев те қаланы Баршынкентпен баламалайды (Мәмиев, 1999: 16). Кейін бұл пікірді К.М. Байпақов та құптаған (2007: 38). Біз де бірқатар жазба деректерді басшылыққа ала отырып соңғы пікірлерді шындыққа жақын деп санаймыз.

Қорытынды

Сонымен, ортағасырлық Қышқалада 2018-2020 жылдарда жүргізілген қазба жұмыстары барысында ашылған сегіз қырлы медресе Орталық Азия мен Қазақстанда аналогы кездеспейтін бірігей нысан ретінде ғылыми айналымға еніп отыр. Құрылыстың ерекшеліктері мен жанама құрылыстардың архитектурасын ескере отырып және табылған тиынның негізінде XIV ғасырдың бірінші жартысында салынып, қолданыста болған деп санауға болады. Сонымен қатар жоғарыда айтылғандай Қышқаланы Баршынкентпен баламалай отырып, ғылыми деректерде келтірілген Барчкендте Ерзенхан салдырған медресенің осы құрылыспен байланысы болуы мүмкін деп пайымдаймыз.

Әдебиеттер

- Археологическая карта Казахстана (1960). Реестр. Алма-Ата.
- Абсаггар хаджи Дербисали (2019). Джамал ал-Карши из Семиречья. Простор. Июль. С.120-142.
- Байпаков К.М., Смағұлов Е.А. (2005). Ортағасырлық Сауран шаһары. Алматы: «Credo». 202 б.
- Байпаков К.М. (2014). Урбанизация Казахского ханства во второй половине XV-XVIII в. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга III. Часть 2. Алматы.
- Бартольд В.В. (1900). Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Часть 11. Санкт-Петербург.
- Бартольд В.В. (1927). История культурной жизни Туркестана. Ленинград.
- Бартольд В.В. (1965). Сочинения. Том III. Москва: «Наука». 707 с.
- Болдырев А.Н. (1957). Зайнадин Васифи. Таджикский писатель XVI в. Сталинабад.
- Всеобщая история искусства (1961). Том 11. Книга 2. Искусство средних веков. Москва: «Искусство». 1028 с.
- Дербісаліев Ә. (1995). Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). Алматы: «Рауан». 141 б.
- Зиливинская Э.Д. (2014) Архитектура Золотой Орды. Часть 1. Культурное зодчество: монография. Казань: «Отечество». 228 с.
- Киракос (1976). История Армении / Перевод с древнеармянского Л.А. Ханларян. Москва: «Наука». 356 с.
- Литвинский Б.А., Займелъ Т.И. (1971). Аджина-тепе. Москва.
- Махмуд Бен Вали (1977). Море тайн относительно высоких качеств добродетельных людей благородных (география). Введение, перевод, примечания, указатели Б.А. Ахмедова. Ташкент.
- Марғұлан Ә.Х. (2010). Шығармалары. Т. 9. Алматы: «Алатау». 472 б.
- Мирбабаев А.К. (1980). Из истории учебных заведений эпохи Абдуали ибн Сино. Абдуали ибн Сино и его эпоха. Душанбе.
- Материалы по истории Средней и Азии X-XIX вв. (1988). Ташкент. С. 241-242.
- Мәмиев Т. (1999). Кейінгі орта ғасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIII ғғ.): тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы.
- Мирбабаев А.К. (1983). Медресе – социально-культурный и архитектурный элемент города. Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии: Материалы Всесоюзного совещания. Алма-Ата: «Наука». С. 139-143.
- Наршахи Мухаммад (1897). История Бухары / Перевод с персидского Н.С. Лыкошина. Ташкент.
- Панкратова Т.Ф. (1989). Истоки среднеазиатских медресе. Вехи времен. Ташкент. С. 92-97.
- Петров П.Н. (2013). Некоторые аспекты средневековой восточной нумизматики – исторического источника. Золотоордынское обозрение. № 1. С. 177-206.
- Пугаченкова Г.А. (1958). Пути развития архитектуры Южного Туркменистана поры рабовладения и феодализма. Москва.
- Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука (1993). Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. Алматы: «Ғылым». 248 с.
- Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды (1941). Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромасовичем и С.Л. Волиным. Москва-Ленинград.
- Талеев Д.А., Елеуов М., Есенов С. (2018). Тағдыры жұмбақ Қышқала. Қазақстан археологиясы. № 1-2. Б. 259-271.
- Толстов С.П. (1962). По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва.
- Хмельницкий С. (1996). Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI – начала XIII вв. Часть 1. Берлин-Рига. 336 с.
- Хмельницкий С. (1992). Между арабами и тюрками. Раннеисламская архитектура Средней Азии. Берлин-Рига. 344 с.
- Bartold V. (1933). Der iranische Buddhismus und sein Verhältnis zum Islam. Oriental studies in honour of C.E. Pavry. London.
- Godard A. L. (1962). Art de Iran. Paris.
- Godard, Andre (1951). L'origine de la Madrasa, de la Mosquee et du Caravanserail À quatre Iwans. Ars Islamica. 15.
- Herzfeld E. (1943). Archaeological History of Iran. London. 1935. С.13-30.
- Hillenbrand R. (1994). Islamic Architecture. New-York.

References

- Arхеологіçесkаyа karta Kazaxstana (1960). Reestr. Alma-Ata.
- Absattar xadji Derbisali (2019). Djamal al-Karshi iz Semireçya. Prostor. Şilde. S.120-142.
- Baybakov K.M., Smagulov E.A. (2005). Ortagasyrlyq Sawran shahary. Almaty: «Sredo». 202 b.
- Baypakov K.M. (2014). Wrbanizaciya Kazaxskogo xlo vtoy polovine XV – XV 111v. Drevnyaya jane srednevekovaya wrbanizaciya Kazaxstana (Yujno-Kazaxstanskoy kompleks arхеологіçесkix ekspedicii). Kniga III. Chast 2. Almaty.
- Bartold V.V. (1900). Twrkestpn v epoxw mongolskogo nashestviya. Chast 11. Sankt-Peterbwrg.
- Bartold V.V. (1927). Istoriya kwltwrnoy jizni Twrkeстана. Leningrad.
- Bartold V.V. (1965). Soçineniya. Tom III. Mosvka: «Nawka». 707 s.
- Boldyrev A.N. (1957). Zaynaddin Vasifi. Tadjikskiy pisatel XVI v. Stalinabad.
- Vseobshçaya istoriya iskwsstva (1961). Tom 11. Kniga 2. Iskwsstvo srednix vekov. Moskva: «Iskwsstvo». 1028 s.
- Derbisaliyev A. (1995). Qazaq dalasynyn juldyzдарy (tarixi-filologiyalyq zerttew). Almaty: «Rawan». 141 b.

- Zilivinskaya E.D. (2014) *Arxitektwra Zolotoy Ordy. Chast 1. Kwltovoe zodçestvo: Monografiya.* Kazan: «Oteçestvo». 228 s.
- Kirakos (1976). *Istoriya Armenii. Perrevod s drevnearmyanskogo L.A.Xanlaryan.* Moskva: «Nawka». 356 s.
- Litvinskiy B.A., Zaymel T.I. (1971) *.Adjina-tepe.* Maskew.
- Maxmwd Ben Vali (1977). *Jaqsy ömir sürw jagdaylary (geografiya). Vvedenie, perevod, primeçaniya, wkazateli B.A.Axmedova.* Tashkent.
- Margulan A. H. (2010). *Shygarmalary. T. 9.* Almaty: «Alatau». 472 b.
- Mamiev T. (1999). *Keyingi orta gasyrdagy Aral aymagynyn qalalary (XIII-XVII gg.). Tarix gylymdarynyn kandidattyq gylymi kwrsyn jazw üshin jazylgan dissertaciya.* Almaty.
- Mirbabaev A.K. (1980). *Abdwali ibn Sino epopealary twraly epopeya. Abdwali ibn Sino jane epo epo. Dwshanbe. Materialy po istorii Sredney i Azii X – XIX vv (1988).* Tashkent. S. 241- 242.
- Mirbabaev A.K. (1983). *Medrese-socialno-madeni jane arxitektwralyq element goroda. Srednevekovaya gorodskaya kwltrwa Kazaxstana i Sredney Azii: Materialy Vsesoyuznogo sovesheniya. Alma-Ata: «Nawka». S. 139-143.*
- Narshaxi Mwxammad (1897). *Istoriya Bwxary. N.S.Lykoshina perevod s persidskogo.* Tashkent.
- Pankratova T.F. (1989). *Istoki sredneaziatskix medrese. Vexi vremen.* Tashkent. S. 92-97.
- Petrov P.N. (2013). *Nekotoryye aspekty srednevekovoy vostochnoy numizmatiki – istoricheskogo istochnika. Zolotoordynskoye obozreniye. № 1. S. 177-206.*
- Pwgaçenkova G.A. (1958). *Pwti razvitiya arxitektwrasy Yujnogo Twrkmenistana pory rabovladieniya i feodalizma.* Maskew.
- Vestoçnyye strany Plano Karpini men Giloma de Rwbrwka (1993). Seriya: Pwteshestiya. Otkrytiya. Priklyuçeniya. Almaty: «Ğylym». 248 s.*
- Zolotoy Ordy odnosyashçixsya k istorii (1941). V.G.Tizengawzen jane obrabotannye izolyaciyasynyn izbasarlary. Romaskov-içem jane S.L.Volinym. Moskva – Leningrad.*
- Taleev D.A., Elewov M., Esenov S. (2018). *Tagdyry jumbaq Qyshqala. Qazaqstan arxeologiyasy. № 1-2. B.259-271.*
- Tolstov S .P. (1962). *Po drevnim deltam Oksa men Yaksarta.* Maskew. Xmelnickiy S. (1996). *Mejdw samanidami jane mongolami. Arxitektwra Sredney Azii XI-naçala XIII vv. Chast 1. Berlin-Riga. 336 s.*
- Xmelnickiy S. (1992). *Mejdw arabami i tyurkami. Ranneislamskaya arxitektwra Sredney Azii. Berlin-Riga. 344 s.*
- Bartold V. (1933). *Der iranische Buddhismus und sein Verhältnis zum Islam. Oriental studies in honour of C.E. Pavry.* London.
- Godard A. L. (1962). *Art de Iran.* Paris.
- Godard, Andre (1951). *L'origine de la Madrasa, de la Mosquee et du Caravanseraïl Àquartre Iwans. Ars Islamica.15.*
- Herzfeld E. (1943). *Archaeological History of Iran. London.1935. C.13-30.*
- Hillenbrand R. (1994). *Islamic Architecture.*New-York.